

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№29
(899)

Бейсенбі, 23 шілде 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Ресми бөлім

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ – ХАЛЫҚ АРАСЫНДА

Өткен аптада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары – Анатолий Маковский мен Роман Ким ауданымызда жұмыс сапарымен болып, бірқатар нысандарды аралады. Халық қалаулыларымен бірге аудан әкімінің міндетін атқарушы Аманбек Махметов, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Артур Молдағұлов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Болат Ахметжанов ілесіп жүрді.



Депутаттардың бұл сапардағы мақсаты – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауын түрлі сала өкілдері арасында кеңінен түсіндіру болды. Шаруашылық жұмысшыларымен кездесу барысында да негізгі әңгіме өзегі Жолдауда көрсетілген міндеттер тәжіригінде ербді.

Ең алдымен «Ғасыр-Айыртау» ЖШС-не ат басын тіреген халық қалаулылары өндірістік нысандарды аралап, ауылшаруашылық техникаларын жөндеу жұмыстарының жай-күйімен, жұмысшылардың тұрмыс тіршілігімен танысты. Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың мектеп-интернатында болған депутаттар балалардың жататын, демалатын бөлмелерін аралап, тәрбиеленушілермен әңгімелесті. Жылы да шырайлы кездесу барысында балалар қонақтарға ең сыйлап, өздері қолдан жасаған бұйымдарын ескерткіш ретінде тарту етті.

Сонымен қатар мәжіліс депутаттары Қарасай-Ағынтай батырлардың мемориалдық көшенінде, «Бабық-Борлық» ЖШС-де және «Солнечный ВИП» шипажайларында болып, егін және мал шаруашылығын өркендету, туризм кластерін дамыту жайында әңгіме қозғады.

Туризм саласы өркендеуі үшін қажетті инфрақұрылыммен жабдықталуы тиіс. Тақтайдай тегіс көлік жолы сол қажеттіліктердің бірегейі. Біздегі демалыс аумақтарына апаратын жолдардың сын көтермейтіні шындық. Мәжіліс депутаттары бұл мәселе де өзінің оң шешімін табатындығын жеткізді.

Жанат КӨШЕЙ.
Суретті түсірген автор.

Елде

Мемлекеттік қызметкерлер 3 жылда 1 рет біліктілігін көтеруге міндеттеледі

21 шілдеде Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында баспасөз мәслихатын өткізген Мемлекеттік басқару академиясының вице-ректоры Әлия Мұхамеджанова алдағы уақытта мемлекеттік қызметкерлерді әрбір үш жылда бір рет кәсіби біліктілігін арттыруға міндеттеу жөніндегі заң жобасы әзірленіп жатқандығын мәлімдеді. Айта кетейік, брифинг Кәсіби мемлекеттік аппараты қалыптастыру тақырыбында өткен болатын.

Вице-ректордың айтуынша, тап осы күндері әзірленіп жатқан Мемлекеттік қызмет туралы заң жобасында біліктілікті арттыруға бағытталған нақты талаптар көрсетілетін көрінеді.

Сондай міндеттемелердің бірі – мемлекеттік қызметкер өзінің кәсіби біліктілігін әрбір үш жылда бір рет жоғарылатып отыруға міндеттелетін болады. Бұл мемлекеттік қызметкерге өз міндетін атқару барысындағы тәжірибесін уақыт талабына сәйкестендіріп, сол шақтардағы жағдайлармен ұштастырып отыру үшін қажет құндылықтардың бірі деп санаймыз. Осылайша, біз мамандарымыздың қабілет-қарымын жаңаша негіздер мен өзгеше талаптар арқылы олардың біліктілігінің үздіксіз жүргізіліп отыруын қамтамасыз ететін боламыз, - деді ол өз мәлімдемесінде.

Оның сөзіне қарағанда, мұның алдындағы осы секілді талаптар үнемі мемлекеттік мекемелер мен ол жерлерде жұмыс істейтін қызметкерлердің біліктілігін арттыру мерзімдері негізгі шарттарға сай келе бермеген көрінеді.

Бaq.kz.

Атжарыс

ЖҮЙРІКТЕ ДЕ ЖҮЙРІК БАР...



Біздің ата-бабаларымыз жүйрік атты бар асылына, арман-аңсарының асқар шыңына теңеп, бауырындағы баласындай өбектеп, алдындағы ағасындай ұлық тұтқан. Өнерді өмір-салт еткен серітап халық жүйрік жылқыға қаншама ән арнады, күй арнады, жыр арнады десеңізші?! Фафу Қайырбеков сияқты арда ақынның жылқыны қазақ даласының екінші есіміне

халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін дүниежүзіне танымал етті. Ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан бөйге, теңге алу, аударыспақ, көкпар, жамбы ату, қыз қуу, күрес өнері сынды ұлттық спорт ойындарымыз бүгінгі таңда да өз мәнін жоймай, жалғасын табуда – дей келе, Ұлт Көшбасшысы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алға қойған мақсаттарының бірі - 2020 жылға дейін жаппай спортпен айналысатын адамдар санын 30 пайызға жеткізу, оны жүзеге асыру үшін еліміздің барлық өңірлерінде спорт нысандары мен ғимараттары салынып, олардың материалдық-техникалық базасы нығайтылып, соның ішінде ұлттық спортымызға ерекше көңіл бөлініп отыр. Атының сыры иесіне мәлім демекші, жолға жорға салып, жонға жүйрік қосқан атбөгілер, Құлагер тұяғының ізі қалған Айыртау топырағы сіздердің сәйгүліктеріңіз бен шабандоздарыңызға құт болсын - деген жүрекжарды тілегін білдіріп, баршасына сәттілік тіледі.

Сонан соң қыз қуу, арбамен жарыс сияқты спорт түрлерінен қысқаша көріністер көрсетіліп, көпшіліктің қошеметіне ие болды.

Ең алдымен ат спортының жанкүйерлері 2 шақырымдық 1 ай-налымнан тұратын ұшқырбөйгені тамашалады. Бұл жарысқа 5 сәйгүлік қатысып, мәре сызығына бірінші болып ауданымыздың «Витаминка» (иесі Сырымбет Есенғалиев) атты сәйгүлігі келді. Одан кейін екінші, үшінші болып



теңеуі, Ахмет Байтұрсыновтың ер қанатын сән-салтанаттың, сұлулық пен көркемдіктің идеалына балауы, Сәуірбек Бақбергеновтің атты ердің тербелген бесігі деуі ел аралаған арда ерлердің сағымға орана бастаған даланы дүбірлеткен жел тимес жүйріктерге деген сағыныш сазы болатын.

Ағымдағы жылдың сенбі күні аудан әкімдігінің мұрындық болуымен Саумалкөл ауылының атшабарында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған аудандық атжарысы өтті.

Бұл күні таңертеңнен ауыл атшабарына жиналғандар көп болды. Бөйге десе делебесі қозатын жанкүйерлердің осы ойын ұққандай ат шаптыратын шабандоздар да оны қыздыра білді. Олар бап пен бақтың үйлесімін паш



өткен жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығатынын осы жолы тағы да бір дәлелдеді.

Ауа райының бұлыңғыр салқындығына қарамастан аудан кәсіпкерлерінің ұйымдастыруымен сауда-саттық қызып жатса, Ерлан Қазбеков басшылық ететін ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жұртшылыққа тегін қайырымдылық ыстық тамақ үлестірді.

Салтанатты мерекенің шымылдығы аудан өнерпаздарының Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған театрландырылған қойылымымен ашылды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнің орындалысымен аудан әкімінің міндетін атқарушы Аманбек Махметов атшабарға жиналған қауымды өткізілгелі отырған ұлттық спорт ойындары мерекесімен құттықтай келе, - Бүгінгі күні Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай аралыы Айыртау өңірінде өткелі отырған ат бөйгесіне қош келіпсіздер! Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығының жаласы бүгінгі егемен еліміздің көк байрағын көкке желбіретіп, Әнұраны мен рәміздерің

облысымыздың Ғабит Мүсірепов ауданының «Қарабайыр» есімді сәйгүлігі екінші орынды, ал жерлесіміз Сырымбет Есенғалиевтің «Соня» атты сәйгүлігі үшінші орынды місе тұтты.

Бап пен бақтың, жампоздық пен жүйріктіктің нағыз жалауын желбіреткен жарыс аламан бөйге де өз кезегіне келіп жетті. 18 шақырымға созылған бөйгеге 8 сәйгүлік қатысты. Бұл бөйгеде де соңғы айналымға дейін кімнің жеке дара келетінін айту мүмкін болмады. Аламан бөйгесінің қорытындысы бойынша Ақмола облысы Красный Яр ауылының жүйрігі «Ай» атты сәйгүлігі (шабандозы Алдияр Құсайынов, иесі Дастан Кенжетеев) мәре сызығына бірінші болып келіп, бөйгеге тігілген 100 мың теңгенің ақшалай сыйлығына ие болса, көкшетаулық «Наурызбай» есімді тұлпары екінші орынға қол жеткізді. Ал ауданымыздың мақтанышы «Баянтай» ЖШС-нің (иесі Сырымбет Есенғалиев) желдей жүйрік «Сұңқар» есімді сәйгүлігі мәре сызығын үшінші болып кесіп өтті.

Жалғасы 2-бетте.

Иман таразы

Айт мерекесімен құттықтады

Рамазан құлшылық пен сабыр, береке мен бірлік, мейірім мен қайырымдылық айы болса, үш күн бойы тойланатын Ораза айт мейрамы – адамдардың көңіліне көктем сыйлап, жанын жадырататын ұлық мереке.

17 шілде күні аудан әкімінің міндетін атқарушы Аманбек Махметов аудандық Қайрош ата мешітінде болып, жиналған жамағатты барша мұсылман қауымы үшін қасиетті Ораза айт мейрамымен құттықтады.



«Бұл мейрам - игілік пен қайырымдылықтың, жомарттылық пен ынтымақтастықтың жарқын көрінісі.

Ораза айт қазақстандықтардың асқан бай рухани мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады, әлемдегі ең бейбіт діндердің бірі- исламда бар шынайы жасампаздық пен рухани жаңғыртудың негіздерін өз бойына сіңірген.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясаты арқасында мемлекетімізде адамның құқықтары мен бостандықтарына, наным мен сенім еркіндігіне кепілдік беретін демократиялық қағидаттардың дамып нығайымен барлық этностар мен конфессиялар арасында татулық пен келісім орнаған. Еліміздің барлық саласында қарышты қадаммен алға басуы, өсіп-өркендеуі байқалады. Рухани құндылықтарымыз еселене түсуде» - дей келе, әр үйге тыныштық пен қуаныш әкеліп, әр мұсылманның жүрегін ізгілік шуағына толтыра берсін деген жүрежарды тілегін жеткізді.

Сонан соң жамағат алдында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров: «Айт мерекесі адамның рухани өміріне сәулесін төгіп, жанға жылу беріп, жүректерге қуаныш сыйлайды. Сондықтан жыл сайын бұл мейрамды барша мұсылман сағына күтеді, ерекше қастерлейді. Ораза айт адамдарды бауырмалдылық пен кішіпейілділікке, көшірмділік пен сүйіспеншілікке шақырады» – деп, барша жамағатқа осы бір нұрлы мейрамда мықты денсаулық, жақсылық және амандық-саулық, береке-бірлік тіледі.

Сонан соң барша жамағатпен айт намазы оқылып, аруақтарға құран бағышталды.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.

Атжарыс

ЖҮЙРІКТЕ ДЕ ЖҮЙРІК БАР...

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Сонымен қатар ат жарысынан басқа ұлттық спорт ойындарының жеңімпаздары да марапатталды. Арқан тартуда Қарасай батыр ауылының жігіттері жеңімпаз атанса, Қаратал ауылының жігіттері екінші, ал дөңқаралық жігіттері үшінші орындарды бөлісті.

32 кг. салмақтағы кір тасын көтеруде саумалкөлдiк Федор Мусиенкоға тең келер мықты болмаса, саумалкөлдiк жігіттер Арман Сұлтанов екінші, Алексей Золотов үшінші орындарға қол жеткізді.

Қазақ күресінде қарақамыстық балуандардың бағы жанды. 60 кг. салмақта Әдіп Асқаров жеңімпаз атанса, жерлестері Бозкен Сұлтанбек пен Ернар Жүсіповтар екінші, үшінші орындарға жайғасты. Ал 70 келіде Сұңғат Жажин бірінші орынға көтерілсе, Ержан Уәлиев пен Райымбек Алпысовтар келесі орындарға жайғасты. Күрестің ішіндегі «Түйе балуан» белдесуінде жеңімпаз тағы да Сұңғат Жажин атанса, екінші орынға Ержан Уәлиев, үшінші орынға Ернар Жүсіпов қол жеткізді.

Осы тұста айта кетерлік жайт, ауданымызда қазақ күресі Қарақамыс және Дәуқара ауылдарында көңінен дамып келеді. Жыл сайын аудандық, облыстық жарыстарда қарақамыстық балуандардың мерейі үстем болуда. Өйткені сол ауылдағы спорт залы жоқ тоғызжылдық мектептің дене шынықтыру мұғалімі Асқар Уәлиев үнемі жас жеткіншектерді ұлттық спорттың осы түрімен жаттықтыруда. Тынымсыз еңбектің, төккен тердің арқасында Асқар Балтабайұлының шөкірттері қазақ күресі бойынша биік белестерді бағындыруда. Соңғы жылдары жоғарыдағы аталған балуандар қазақ күресінен облыс намысын республикалық жарыстарда қорғап, жүлделі орындармен оралуда. Болашақта жерлестеріміздің республикалық «Қазақстан барысы» ұлттық жобасында да өз өнерлерімен жерлестерін тенті ететініне көміл сенеміз.

Марапаттау рәсімінде ат жарысының, ұлттық спорт ойындарының жеңімпаздары арнайы дипломдармен және ақшалай, заттай сыйлықтармен марапатталды.

Аталмыш додалы жарыстарды ұйымдастыруда ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдары, кәсіпорындары мен мекемелері және аудан кәсіпкерлері қаржылай және бағалы заттай сыйлықтармен демеушілік көрсетті.

Біздер, айыртаулықтар, ұлттық ат спортындағы осы бір толағай жетістіктерді мақтан ете отыра, ат жарысының жоғары деңгейде жандануына тек қана сәттілік тілейік, ағайын!

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Суреттерде: жарыстан көрініс, аламан бәйгенің жеңімпазы - ақмолалық Алдияр Құсайынов «Ай» есімді сәйгүлігімен және аттың иесі Д. Кенжетаевпен.

Суреттерді түсірген автор.

Облыста

ЕЛБАСЫ МУЗЕЙІНІҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ - ҚЫЗЫЛЖАРДА

Өткен аптада облыстық тарихи-өлкетану мұражайында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі ұйымдастырған «Қазақстан бейбітшілік, руханият және келісім аумағы» атты көрменің ашылу салтанаты өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Анархан Дүйсенова, аталмыш музей директоры Алма Сағынғали және өңірлік этномәдени бірлестіктердің жетекшілері қатысты.

Биыл еліміз үшін елеулі мерейтойларға толы жыл Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы кеңінен аталып өтуде.

Осынау маңызды оқиғаларды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының қызметінсіз елестету мүмкін емес. Көрменің мақсаты – Нұрсұлтан Назарбаевтың қызметі арқылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылу тарихын көрсету. Оған қоса, көрмеде еліміздің бұлжымас бағыт ұстанған темір қазығы – Ата Заңның қабылдануына қатысты тың деректермен де танысуға болады.

Көрмеде сөз сөйлеген Анархан Дүйсенова жиналған қауымды облыс әкімі Ерік Сұлтановтың атынан мәдени шараның ашылуымен құттықтап, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті музейінің директоры Алма Сағынғалиға өңір басшысының Алғыс хатын табыстады.

Көрменің негізгі мазмұнын музей қорындағы бірегей материалдар жинағы ашады. Елбасының жеке заттары, шет мемлекеттердің басшылары мен үкіметтері атынан



берілген сыйлықтар, Мемлекет басшысының еліміздің дамуы мен халықаралық беделін нығайтуға бағытталған қызметі мен бастамалары көрініс тапқан фотосуреттер және мұрағат құжаттары қойылған.

Көрмедегі Тұңғыш Президенттің 1991 жылы 10 желтоқсанда Алматы қаласында тәуелсіз ел халқына берген антының мәтінімен танысу ерекше әсерге бөлейді. Елбасының 1999 жылы ұлықтау рәсімінде ки-

ген киімі, оның қолданған жазу құралдарының жинағы, еліміздің халықаралық дәрежедегі абыройына құрмет ретінде ұсынылған сәндік-қолданбалы өнер туындылары көздің жауын алады.

Құнды жәдігерлер қойылған көрмені солтүстікқазақстандықтар қыркүйектің 20-сына дейін тамашалай алады.

Бақытжан ЖОЛДАСҚЫЗЫ.
«Солтүстік Қазақстан».

Жазғы демалыс

Балалардың көңілінен шығуда

Жаз мезгілі, әсіресе, балалардың асыға күткен мерейлі маусымы. Көптен күткен ұзақ мерзімді демалыстың уақыты да келіп жетті. Шуағын шашқан күннің көзіне, оның жылуына қуанатын кез-осы. Күнделікті сабақтар артта қалып, осы уақытты балғындар барынша қызықты әрі көңілді өткізуді армандайды.



Осы мезгілде балалардың демалысы мен сауықтыруын ауданымыздың жалпы білім алатын әр мектебі ұйымдастырып, өз жұмыстарын жүргізуде. Мектеп жанындағы балаларды сауықтыру лагерінде балаларды тынықтыру, қызығушылығын арттыру, денсаулығын нығайту, білімін кеңейту, тәрбиелеу мақсатында қызықты ойындар, танымдық кештер, спорттық жарыстар, білім сайыстары өткізілуде. Мектеп жанындағы балаларды сауықтыру лагерлерінде жазғы демалыспен барлығы 3785 бала қамтылды.

Жаз маусымы басталысымен оқушы қауымының арманына арқау болатын балаларға арналған демалыс орындары да есіктерін айқара ашады. Балалардың армандарын жүзеге асыру мақсатында, білім бөлімінің жалпы қорынан бөлінген 285 жолдама, ауданымыздың азаматтық отбасыларының балаларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға берілді. Осы санаттағы балалар «Сокол» балаларды сауықтыру лагерінде 200 бала 1-кезеңде дем алса, қалған 85 бала 2-кезеңде дем алды. Балаларды сауықтыру лагерінде 7 отряд жұмыс істеуде. Әр қайсында 1 тәрбиеші және 1 вожатый бар. Олар балалардың демалысын сапалы да

өткізілуде. Сонымен қатар сурет, сахналық шеберлік, вокал қазақтың ұлттық ойындары, спорттық үйірмелер жұмыс істеуде.

Мектеп оқушылары ауданымыздың тарихи орындарына барып, өзінің елінің тарихи құндылықтарын қадірлеп, тарихын тереңдету мақсатында Қарасай мен Ағынтай батырлардың мемориалдық көшеніне, археологиялық қазбалы Ботай қонысына, Ақан сері ескерткішіне, Сырымбет ауылындағы Ш.Уәлихановтың мұражайына және Айғаным қонысына 650 бала барса, тағы 285 бала алдағы уақытта барады.

Ұлттық дәстүрді сыйлау, туристік біліктілігін арттыру, табиғаттың құбылыстарын зерттеу, өз өңірінің тарихын терең тану, өз біліктіліктерін арттыру үшін балаларға арналған этнопедогогикалық бағыттағы туристік-шатырлы қалашық ұйымдастырылып, өз жұмысын бастады, бұл іс-шараға барлығы 763 бала қатысып, тағы 300 бала қатысу жоспарлануда.

Осындай демалыстар балалардың көңілінен шығатынына сеніміміз зор.

Дана МАХАНБЕТОВА,
аудандық білім бөлімінің әдіскері.

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының (V шақырылымның XXXIX кезектен тыс сессиясы) 2015 жылғы 30 маусымдағы №5-39-1 шешімі

«2015-2017 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы» Айыртау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы.№ 5-34-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Айыртау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 5-34-1 «2015-2017 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3051 тіркелген, 2015 жылғы 15 қаңтарда «Айыртау таңы» газетінде, 2015 жылғы 15 қаңтарда «Айыртауские зори» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын

«1. 2015-2017 жылдарға арналған Айыртау ауданының бюджеті тиісінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға мынадай көлемде бекітілсін

1) кірістер – 3 537 929,2 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 469 339,5 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 6 715,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсімдер – 16 137,0 мың теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 2 865 737,7,0 мың теңге;

2) шығындар – 3 524 271,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру – 59 314,0 мың теңге, оның ішінде: бюджеттік кредиттер – 77 298,0 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 17 984,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо –5 400,0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алуға – 5 400,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (артықшылығы) – - 51 056,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (артықшылығын пайдалану) – 51 056,5 мың теңге, оның ішінде:

қарыздардың түсуі – 77 298,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу –31 639,5 мың теңге;

бюджет қаражатын пайдаланылатын қалдықтары – 5398,0 мың теңге.»;

7- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын

«7. 2015 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер келесі көлемде есепке алынысін

1) 170 904,0 мың теңге - мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері

болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге;

2) 101 052,0 мың теңге - мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға, соның ішінде: республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер есебінен -97 812,0 мың теңге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферті есебінен -3240,0 мың теңге;

3) 81 233,0 мың теңге - үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге;

4) 150,0 мың теңге- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

5) 641,0 мың теңге - 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге;

6) 12 929,0 мың теңге - халықты әлеуметтік қорғауға және оған көмек көрсетуге, соның ішінде: мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын көбейту;

7) 21 969,0 мың теңге - Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге, соның ішінде: бір жолғы материалдық көмек көрсету - 21 751,0 мың теңге, материалдық

көмекті төлегені үшін екінші деңгейлі банктерге комиссиялық сыйақы -218,0 мың теңге;

8) 1 271 мың теңге – азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға;

9) 4 952 мың теңге – агроөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға.»;

9- тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын

«9. 2015 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен мақсатты трансферттер келесі көлемде есепке алынысін, соның ішінде :

1) 2 794,7 мың теңге - Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге;

2) 8 331,0 мың теңге -энзоотика ауруларына қарсы алдын алу іс-шараларын өткізу;

3) 4458,0 мың теңге -2014 жылға арналған аудан бюджетінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен бекітілген «Жұмыспен қамту 2020 жол картасын бекіту туралы» (бұдан әрі Жұмыспен қамту 2020 жол картасы) Жұмыспен қамту 2020 жол картасы аясында әлеуметтік-мәдени объектісін және инженерлік-көлік инфрақұрылымы және елді мекендерді абаттандыруға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жөндеуге қоса қаржыландыруға;

4) 6 875 мың теңге – оқулықтарды сатып алуға және жеткізуге;

5) 4 298 мың теңге – интернет желісінің қызметтерін ұсынуға.»;

көрсетілген шешімнің 1, 5, қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын (қоса беріледі).

2. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енеді.

С.ЕСЕНҒАЛИЕВ,
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының XXXIX кезектен тыс сессиясының төрағасы.
Р.ТІЛЕУБАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының хатшысы.

«КЕЛІСПІЛДІ»
М.РАМАЗАНОВА,
«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы.
2015 жылғы 30 маусым.

Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылдың 16 шілдесінде № 3308 тіркелген, Айыртау ауданының мәслихат аппаратының maslihat-airtau.sko.kz. сайтында жарияланған

Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 5-39-1 шешіміне 1 қосымша
Айыртау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 5-34-1 шешіміне 1 қосымша

2015 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Санаты			Атауы	Сомa, мың теңге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
1	2	3	4	5
1			1) Кірістер	3 537 929,2
			Салықтық түсімдер	649 339,5
	03		Әлеуметтік салық	291 526,0
		1	Әлеуметтік салық	291 526,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	180 090,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	107 540,0
		3	Жер салығы	7 650,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	58 400,0
		5	Бірыңғай жер салығы	6 500,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	170 470,5
		2	Акциздер	4 600,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	146 839,5
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	18 950,0
		5	Ойын бизнесіне салық	81,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	7 253,0
		1	Мемлекеттік баж	7 253,0
2			Салықтық емес түсімдер	6 715,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 215,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4 015,0
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	1 200,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 500,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 500,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	16 137,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5 000,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5 000,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	11 137,0
		1	Жерді сату	11 137,0
4			Трансферттердің түсімдері	2 865 737,7
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 865 737,7
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 865 737,7

Функционалдық топ			Атауы	Сомa, мың теңге
Әкімші				
Бағдарлама				
		2) Шығындар		3 524 271,7
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		290 698,6
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты		13 062,0
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер		13 062,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты		74 543,0
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер		74 543,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты		166 344,2
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер		165744,2
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары		600,0
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі		9 117,0
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		9 117,0
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі		27 632,4
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		24 787,0

	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 775,4
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	940,0
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	130,0
02		Қорғаныс	7 377,0
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7 377,0
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6975,0
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	300,0
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	102,0
04		Білім беру	2 605 158,3
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 582 067,3
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 430,0
	003	Жалпы білім беру	2 267 497,3
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	28 167,4
Функционалдық топ		Атауы	Сомa, мың теңге
Әкімші		Бағдарлама	
	006	Балаларға қосымша білім беру	18 602,0
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	121 906,0
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	20 277,0
	022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	746,0
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	9 657,0
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	101 052,0
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4 732,6
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	23 091,0
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	23 091,0
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	168 090,4
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	161 766,7
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25 242,0
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	24 514,0
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	878,0
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4 214,0
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	874,0
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	15 147,0

	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1 185,0
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 835,0
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	32 536,0
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	12 266,0
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке мекемешілермен қамтамасыз ету	18 312,0
	052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	24 763,7
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6 323,7
Функционалдық топ		Атауы	Сомa, мың теңге
Әкімші		Бағдарлама	
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	6 323,7
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	119 718,7
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	33 920,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	14 795,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2 000,0
	010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	182,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	16 943,0
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	80 500,0
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	49 000,0
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	22 000,0
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	9 500,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4 458,0
	026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	4 458,0
472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	840,7
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	500,6
	007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	340,1
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	109 660,0
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	77 015,0
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәде-ниетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 042,0
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	34 560,0
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	30 309,0
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	498,0
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3 606,0
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	18 077,0
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекет-тілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сәнімділігін қалыптастыру са-ласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 894,0

Жалғасы 4-бетте.

Жалғасы. Басы 3-бетте.

Айыртау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 5-39-1 шешіміне 1 қосымша
Айыртау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 5-34-1 шешіміне 1 қосымша

2015 жылға арналған Айыртау ауданының бюджеті

Функционалдық топ			Атауы	Сомa, мың теңге
Әкімші			Бағдарлама	
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер		5 580,0
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру		3 603,0
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі		14 568,0
Функционалдық топ			Атауы	Сомa, мың теңге
Әкімші			Бағдарлама	
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		7 006,0
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жары-стар өткізу		1 095,0
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы		6 467,0
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары		130 077,5
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі		14 042,0
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру		14 042,0
462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі		16 126,2
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		16 126,2
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі		10 996,0
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		8 459,0
	004	Жерді аймақтарға бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру		2 537,0
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі		88 913,3
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		7 658,3
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары		2 210,0
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру		390,0
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу		3 040,0
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу		8 331,0
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сөйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу		3 300,0

		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	63 984,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	11 974,0
	472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	11 974,0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 534,0
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	2 440,0
12			Көлік және коммуникация	26 681,0
Функционалдық топ Әкімші				Сомa, мың теңге
			Бағдарлама	
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	26 681,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	26 681,0
13			Басқалар	51 296,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	37 791,0
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	37 791,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5 000,0
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	5 000,0
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	8 505,0
			Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8 505,0
14		001	Борышқа қызмет көрсету	1 721,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 721,1
			Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	1 721,1
15		021	Трансферттер	1 819,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 819,1
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	1 819,1
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	59 314,0
			Бюджеттік кредиттер	77 298,0

10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	77 298,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	77 298,0
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	77 298,0
Санаты			Атауы	Сомa, мың теңге
Сыныбы				
			Ішкі сыныбы	
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	17 984,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	17 984,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	17 984,0
			4) Қаржылық активтермен операциялар бойынша салыдо	5 400,0
Функционалдық топ Әкімші			Атауы	Сомa, мың теңге
			Бағдарлама	
			Қаржылық активтерді сатып алу	5 400,0
13			Басқалар	5 400,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	5 400,0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	5 400,0
Санаты			Атауы	Сомa, мың теңге
Сыныбы				
